



**Ертай ЖҰСІПОВ,**  
филология ғылымдарының кандидаты:

## МӘШΗҮР ЖҰСІП – ТҮРКІЛІК СОПЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ СОҢФЫ БИІГІ

– Мәшһүр Жұсіп Қөпейұлы шығармашылығына Шығыс әдебиеттің әсері қандай болды?

– Мәшһүр Жұсіп Қөпейұлы өзінің шығармаларына Шығыс әдебиеттің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын Бұхарда, Қоқан, Самарқанд, Ташкентке барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді. Ол ортағасырылқ, араб, парсы тілдерін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістепіл, қазақ әдебиетінде өзгеге үқсамайтын өзіндік арна қалыптастырыды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты қорсетті, Ахмет Ясауден (XII ғасыр) басталған түркілік діни әдебиетті XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында жаңа білікке көтерді. Төңкерістен (1917 жыл) кейін діни әдебиетті құбыжық, ету дәстүрге айналғанын ескерсек, діни әдебиеттің, яғни шартты атауға ие болған сопылық әдебиеттің, оның ішінде түркілік сопылық әдебиеттің басы Ахмет Ясау болса, соңғы биігі – Мәшһүр Жұсіп деп тұжырымдауымызға да негіз толық.

– Ақын шығармалары мен Шығыс мұраларының өзара сабактастығына мысалдар келтірсөніз.

– Алланың тек жалғыз екені, оның құдіреті шексіздігі, Алла жолын іздеу мәні туралы Шығыс жүлдіздары – Омар Хайям, Низами, Сағди, көне түркі дарабоздары – Жұсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясау, XIX ғасырдағы ерен құбылыс – Абай шабыттана жырласа, Мәшһүр Жұсіп Қөпейұлы бұл дәстүрді жаңа білікке көтерген. Мәселен, Қожа Ахмет Ясау кітабын ақынның бала кезінде, 5-6 жасында-ақ оқығаны оның әулеттік мұрағатта сақталған «Мәшһүрдің 21 жасында жазғаны» өлеңінен көрінеді:

Ясау Құл Қожа Ахмет кітабынан  
Көніліме төгілді нұр хош (хуош) калами.

Алты жасқа келгенде алдын сабак,

Оқығаным – Шар кітап, панаһим-Хақ.

1907 жылғы кітабында Думаға депутат жіберу мәселесін көтергенде де ақын Алланың ақ жолын еске алады:

Алланың ақ жолымен жүретүғын,

Ерік Аллада екенін білетүғын.

...Сайлаңдар депутатқа кісі тауып,

Айдалып, атылудан қашпаңыздар.

Мәшһүр Жұсіп сонымен бірге Алланы іздеу идеясын

көтереді. Мәселен, «Әдім диуана және Ибраһим» дастанында ел билеген патша Ибраһимге алдымен жапанда кез болған құлан адамша сөйлеп:

Өлімнің келмес бұрын жолын көзде,  
Есіл өмірің откізбе бекер түзде.

Пайдалы жоқ, аң қуып шаршаганша, Жанға пайда болатын Құдайды ізде! – десе, түнде үй төбесінде «түйе қарал жүрмін» деген кірекшітің сөзі де осы ойды өрістетеді:

Мен ақымақ емес, патша – ақымақ өзің,

Болған жоқ па Құдайды іздер кезін?

Дәнемені көрмейтін көр болыпты, Түзделгі аңының тозаңы басып көзін.

Шығыс әдебиеттіnde Аллаға деген маҳабbat, ғашықтық, немесе Аллаға құлшылық сөз болғанда, құштарлықтың биік деңгейінің көрінісі ретінде «жылау» немесе «көз жасы» сөздері де жиі кездеседі. «Жылау», «көз жасы» үғымын кең мағынада алып, Аллаға немесе ақиқатқа құштарлықтың биік деңгейі



М.Ж. Қөпейұлының ескерткіші.  
Павлодар облысы Баянауыл ауданы

ретінде қорсету Мәшһүр Жұсіпте көп қайталанып берілген. Мәселен, адам өлгенде қабірден қышқырған үн келетінін ескерткен мына бір үзіндіде жылауды күнәдан т.б. қорқумен байланысты еске алғаны анық:

Үйіңмін: толып жатқан жылан, шаян,

Көп айтқыл: «Бісмілла, фали алдад!»

Хақтан қорқып, ағызысан қөзінен жас,

Мәшһүр Жұсіп Қөпейұлы шығармашылығынан

### НАУРЫЗ Ұлыстың ұлы күні (үзінді)

...Он екі айды бір жыл дейді. Бір жыл бір кісінің өмірі есепті. Бір құдайдан басқаның бәрі бірінен-бірі туып, өсіп-өнбек. Туып, өсіп-өнетүғының бәрі де қартаймак, өлмек. Көк – байы да, жер – қатыны. Солай болғаны ушін: «Көктен жаудырын, жерден өндірсін», – дейді. Аспанда бүлтқа бұлт

шашылысады, сөйтіп жаңырып жауады. Жаңырып көп жаумайтын жылы бұлт қысырап қалды деп күн бұрын айтып отырушылар болады. Жаралған жанды-жансыз бәрі де жұп жаралған. Жұп мәнісін ерлі-байлы деген сөз.

Жыл өзі жазғытурым жаңа туған жас бала үш айға шейін солай, үш айдан соң жігіт болып жетілгені. Оның өмірі үш ай, онан кейін егде-мосқал, бурыл бас болғаны, мұндай болған үақытын күз күні дейді. Бұл өмірі де үш ай. Онан кейін қыс, зымыстан деп атайды, қар астында қалғандығы – ол өлгені. Он екі бітуімен бір жылдың өмірі бітеді. Жыл басына келген өмір он екі айдан аспақ емес. Он екі ай бітіп, бір жылдың өмірі таусылады. Енді жаңа жыл туады, бұл туатығын былтырығы өткен жыл емес, бүтін туған жаңа күн. Сол жаңа туған жылын, жаңа туған күнін құттықташ қуанып той қылса, сол жылда, сол күнде бұл құттықтаған, қуанғанды қолтығына қысып, құшағына алып сый-құрметпен, қызық, дәуренмен өткізуғе міндettі, борышты.